

Тақырыбы: Тілдің дамуы. Тілдің шығуы және жасалуы

Мақсаты: Тілдің дамуы. Тілдің шығуы және Тілдердің жасалуы туралы түсініктерін кеңейту.

Тобы: 117-21

Орындаған: Юсупбай Ақсауле

Қабылдаған: Сманова Бақыт



Тілдің даму заңдылықтары жөніндегі мәселе – жалпы тілтану ғылымының күрделі проблемаларының бірі. Заманға, уақытқа қатысты болып отыратын тілдік құбылыстардың сырын білмейінше, тілдің өзіндік сипатын, мән мағынасын түсіну мүмкін емес.



Тілдің даму заңдылықтары туралы түсінік тіл біліміндегі зерттеу еңбектерде көп ұшырасқанымен, оның нақты анықтамасы жасалмаған. Негізгі себептерінің бірі — тілдің дамуы мен өзгеруі жайындағы ұғымдардың толық ажыратылмауы.


"Даму" термині екі түрлі мағынада түсіндіріледі:

- 1) тіл бірлігінің қалпының өзгерісі;
- 2) қоғамдық қажеттілікке сәйкес тілдің өзгеру үдерісі.



Тілдің даму мәселесі

Н.Марр тілдің даму мәселесі жөнінде «сатылық даму теориясын» ұсынды. Я.Марр тіл дамуының әр түрлі сатысы бар және ол сатылардың әрқайсысы белгілі бір қоғамдық формацияға сай келеді деп есептеді. Ол тілдің ескі сападан жаңа сапаға көшуі кенет қопарылыстар арқылы болады дейтін мүлдем қате көзқараста болды.



Тілдің шығуы туралы мәселені сөз еткенде, ең алдымен, екі түрлі проблеманы бір-бірімен ажыратып алу қажет: оның бірі – жалпы адам баласы тілінің шығуы, яғни алғашында адамның сөйлеуді, ойын айтып жеткізуді қалай үйренгендігі туралы мәселе де, екіншісі – жеке, нақтылы тілдердің, мысалы, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, араб тілі, испан тілі немесе француз тілінің шығып жасалуы туралы мәселе.



Тілдің шығуы туралы мәселені сөз еткенде, ең алдымен, екі түрлі проблеманы бір-бірімен ажыратып алу қажет: оның бірі – жалпы адам баласы тілінің шығуы, яғни алғашында адамның сөйлеуді, ойын айтып жеткізуді қалай үйренгендігі туралы мәселе де, екіншісі – жеке, нақтылы тілдердің, мысалы, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, араб тілі, испан тілі немесе француз тілінің шығып жасалуы туралы мәселе. Тіл – қоғамдық құбылыс. Сондықтан оның тарихы мен дамуы қоғамның тарихы мен дамуына байланысты болды. Осыдан тілді және оның даму заңдылығының сол тілді иеленушілердің тарихымен тығыз байланысында қарастыру міндеті келіп туады.

Тілдің дамуы туралы Н.Я.Маррдың-сатылық даму теориясы, ағайынды Шлегельдер мен Гумбольдтың ұстанған бағыты – тілдің өткен дәуірін- классикалық дәуір, тілдің гүлденіп дамыған дәуірі, ал бергі дәуірлер – тілдің азу, бүліну дәуірлері деп есептеген. Тілдердің өзара байланысы екі түрлі жолмен болады. Бірі-тоғысу, екіншісі- тілдік элементтердің енуі. Тоғысу, субстрат, адстрат, суперстрат. Тілдің тоғысуы дегеніміз этникалық топтардың бірігуі, осының негізінде субстрат пайда болады. **Субстрат дегеніміз** – жеңген тілдегі жеңілген тілдің элементтері. **Адстрат** - әр түрлі халықтардың ұзақ уақыт бірге өмір сүріп, қарым-қатынаста болу нәтижесінде пайда болған тіл жүйелеріндегі өзгерістер.